

## Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инвестициялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 4 мамырдағы N 48 Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат):

мынадай мазмұндағы 134-1 және 563-1-баптармен толықтырылсын:

"134-1-бап. Мемлекеттік заттай гранттарды қайтару мерзімдерін бұзу

Мемлекеттік заттай гранттардың инвестициялар туралы заңдарда белгіленген қайтару мерзімдерін бұзу, -

заңды тұлғаларға бір мыңнан екі мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

"563-1-бап. Инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган

1. Инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 134-1-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары құқылы."

2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 99-құжат):

1) 9-баптың 6-тармағының бірінші бөлігіндегі "инвесторға" деген сөз "инвестициялық жобаның атқарылуын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 12-баптың 7) тармақшасындағы "инвесторға осы Кодексте және Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңдарында белгіленген тәртіппен меншікке немесе жер пайдалануға өтеусіз" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына инвестициялық жобаны іске асыру үшін осы Кодексте және Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңдарында белгіленген тәртіппен уақытша

өтеусіз жер пайдалану құқығымен беріле отырып, кейіннен меншікке немесе жер пайдалануға өтеусіз" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 1-2, 4-құжат):

1 ) 1 - б а п т а :

1) тармақшадағы "лизинг заттарын" деген сөздер "қаржы лизингі заттарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшадағы "инвестициялық жобаны іске асыру үшін Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының меншігіне не жер пайдалануына өтеусіз берілетін" деген сөздер ", Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына инвестициялық жобаны іске асыру үшін уақытша өтеусіз пайдалануға беріле отырып не уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен ұсыныла отырып, кейіннен меншікке не жер пайдалануға өтеусіз берілетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 11-баптың 1-тармағындағы "жаңа жұмыс орындарын құруға және бар жұмыс орындарын сақтауға" деген сөздер "қазақстандық кадрлардың біліктілігін арттыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 ) 1 4 - б а п т а :

1-тармақтағы "қызметтің кіші түрлерін сыныптаушы" деген сөздер "экономикалық қызмет түрлерін жалпы сыныптаушының сыныптары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "инвестормен" деген сөздер "инвестициялық жобаның атқарылуын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 15-баптың 3) тармақшасындағы "инвестордың" деген сөз "тапсырыс берген Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 16-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Инвестициялық салықтық преференциялар әрбір жекелеген жағдайда қызмет түрлеріне және тіркелген активтерге салынатын инвестициялардың көлеміне байланысты айқындалатын мерзімге беріледі.";

б) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Кеден баждарын салудан босату

1. Кеден баждарын салудан босату инвестициялық жобаны іске асыру үшін әкелінетін жабдықтар мен олардың жиынтықтаушы бұйымдарының импорты кезінде ұ с ы н ы л а д ы .

2. Кеден баждарын салудан босату келісім-шарттың қолданыс мерзіміне, бірақ келісім-шарт тіркелген кезден бастап 5 жылдан аспайтын мерзімге ұсынылады.

3. Осы баптың 2-тармағына сәйкес қабылданған шешім туралы хабарламаны уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға жібереді.";

7) 18-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік заттай гранттарды осы Заңда белгіленген тәртіппен уәкілетті орган мемлекеттік мүлікті және жер ресурстарын басқару саласындағы тиісті мемлекеттік органдармен келісім бойынша инвестициялық міндеттемелер келісім-шартқа сәйкес орындалған жағдайда кейіннен меншікке не жер пайдалануға өтеусіз бере отырып, уақытша өтеусіз пайдалануға не уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен береді.

Ұсынылған мемлекеттік заттай грантты меншікке немесе жер пайдалануға өтеусіз беру үшін уәкілетті органның шешімі негіз болып табылады. Уәкілетті органның шешімі осы Заңның 21-1-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес өзі жүргізген тексеру нәтижелерінің негізінде қабылданады.";

8 ) 19 - б а п т а :

1 ) - 3 ) т а р м а қ ш а л а р д а :

"нотариаттық тәртіппен" деген сөздер "нотариаттық" деген сөзбен ауыстырылсын;

"нотариаттық тәртіппен куәландырылған" деген сөздер алып тасталсын;

5) тармақшадағы "құжаттар" деген сөз "құжаттардың нотариаттық куәландырылған көшірмелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) инвестициялық жобаны қаржыландырудың көздері мен кепілдіктерін белгілейтін, құжаттардың нотариаттық куәландырылған көшірмелері. Инвестициялық жобаны өз қаражаты есебінен қаржыландырған жағдайда олардың бар екендігі туралы жазбаша растама қағазы қоса беріледі;"

7) тармақшадағы "инвестор" деген сөз "өтінім берген Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) өтінім берілген тоқсанның алғашқы күніне арналған бухгалтерлік баланс;

9) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы тіркеу орны бойынша салық органының анықтамалары болған жағдайда қабылдайды және тіркейді.";

9 ) 20 - б а п т а :

"Инвестициялық" деген сөздің алдынан мәтін "1." деген цифрмен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Инвестициялық преференцияларды беруге жасалған өтінімдерді қабылдау, тіркеу және қарау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.";

10) мынадай мазмұндағы 21-1-баппен толықтырылсын:

"21-1-бап. Мониторинг және келісім-шарт талаптарының сақталуын бақылау

1. Келісім-шарт жасасқаннан кейін Қазақстан Республикасының келісім-шарт жасасқан заңды тұлғасы уәкілетті органға:

1) тоқсан сайын есептік тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей

статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша инвестициялық жобаны іске асыру туралы есепті;

2) жыл сайын бірінші маусымнан кешіктірмей: статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша бір жылғы есепті және оған түсіндірме жазбаны; тіркелген активтердің пайдаланылуға енгізілуін растайтын құжатты; аудиторлық есеппен расталған: инвестициялық қызмет нәтижесіндегі кірістер мен шығыстар туралы есепті; бір жыл ішіндегі бухгалтерлік балансты; тіркелген активтердің таратып көрсетілген түсіндірілімін ұсынады.

Аудиторлық есеп өткен жылдағы қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелерін талдауды және келісім-шарт бойынша инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы ақпаратты қамтуға тиіс.

2. Уәкілетті орган мониторингті және келісім-шарт талаптарының сақталуын бақылауды өзі бекіткен тәртіппен тексерудің мынадай нысандарында:

1) инвестициялық жобаларды іске асыру туралы есептілікті;  
2) ұсынылған аудиторлық есептер негізінде;  
3) инвестициялық қызмет объектісіне бара отырып, оның ішінде, инвестициялық жобаны іске асыру жөніндегі құжаттарды қарау арқылы жүзеге асырады.";

1 1 ) 2 2 - б а п т а :

3-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзацтың мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді.

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының келісім-шарт жасасқан заңды тұлғасы келісім-шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаған жағдайда;"

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) осы Заңның 21-1-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының келісім-шарт жасасқан заңды тұлғасы табыс еткен есептіліктегі мәліметтердің бұрмаланғаны немесе жасырылғаны анықталған жағдайда, бұл туралы Қазақстан Республикасының келісім-шарт жасасқан заңды тұлғасына жазбаша түрде хабарлаған кезден бастап үш ай өткен соң келісім-шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл жағдайларда аталған заңды тұлға келісім-шарт бойынша берілген инвестициялық преференциялар салдарынан төленбеген салықтар мен кеден баждарының сомасын Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген айыппұл санкцияларын қолдана отырып төлейді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының келісім-шарт жасасқан заңды тұлғасының бастамасы бойынша келісім-шарт біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылған

кезде, аталған заңды тұлға келісім-шарт бойынша берілген инвестициялық преференциялар салдарынан төленбеген салықтар мен кеден баждарының сомасын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өсімпұлды есептей отырып төлейді."

5 және 6-тармақтардағы "инвестор" деген сөз "Қазақстан Республикасының келісім-шарт жасасқан заңды тұлғасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Мемлекеттік заттай грантты қайтаруды Қазақстан Республикасының келісім-шарт жасасқан заңды тұлғасы уәкілетті орган келісім-шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдағаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде жүзеге асырады."

**2-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*